



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың  
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

## Жастар жаңаны жатырқамайды

Қарағандыда С.Сәиев атындағы бокс орталығында 15 наурызға белгіленген референдумды қолдау мақсатында ауқымды жастар форумы өтті. Оған екі мыңнан астам жас қатысып, ел болашағы мен қоғамдағы өзекті өзгерістерді талқылады. Форум аясында іс-шара спикерлері жаңа Конституция жобасы төңірегінде ой бөлісіп, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Сонымен қатар, өңірге есімі белгілі өнер өкілдері әнін шашу шашып, мерекелік көңіл күй сыйлады.



Себебі, аталған кеңес этномәдени бірлестіктердің, қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен, мәслихат депутаттарынан жасақталмақ. Яғни, оның құрамына Қазақстан халқының түрлі әлеуметтік топтары еніп, елдің ішкі саясатына қатысты мәселелерді талқылауға қатысады. Қажет болған жағдайда референдум өткізу жөнінде де ұсынымдар беруге мүмкіндік алады. Меніңше, бұл – қоғамдық пікірді ескерудің жоғары деңгейдегі тиімді тетігі, – деді Равиль Садықов.

Жастар атынан мінберге көтерілген Қарағанды ұлттық зерттеу университеті филология факультетінің IV курс студенті Азиза Кулметтенова да өз ойын ортаға салды.

– Жаңа Конституция жобасында жастарға арналған жаңа мүмкіндіктер кеңінен қарастырылған. Атап айтқанда, студенттердің ғылыми жоба қорғау үдерісінде авторлық құқықты қорғау тетіктері нақтыланып, олардың зияткерлік еңбегі заң жүзінде толық қамтылған, – деді ол.

Іс-шараға жиналған жас буын өзгерістердің алдығы шебінде тұруға әзір екенін айқын аңғартты.

Суреттерді түсірген  
Диана ӘУЕЗХАН



## «Дауыс беруге арналған бюллетень»

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын қуәландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетенді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Бюллетенде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетенге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетенді дауыс беру жәшігіне саласыз.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан  
Республикасының  
Орталық референдум  
комиссиясы

## «Есептен шығару куәлігі»

2026 жылдың 15 наурызында республикалық референдум өтеді.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскенізде референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінде өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына өтінішпен жүгіне аласыз. Егер азамат өзінің болатын жерін өзгертсе, ол 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап, 14 наурыз күнгі сағат 18:00-ге дейін учаскелік референдум комиссиясына өтініштің негізінде есептен шығару куәлігін алуға құқылы. Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде алуға рұқсат етіледі.

Есептен шығару куәлігін ұсынған кезде учаскелік референдум комиссиясы дауыс беру күні азаматты оның болатын жері бойынша учаскедегі тізімге енгізеді. Бір елдімекеннің шегіндегі басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан  
Республикасының  
Орталық референдум  
комиссиясы

Суретті түсірген  
Әсет ҚАМСЫЗҰЛЫ

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жастар аудиториясы алдында мазмұнды ой-пікірлерімен бөліскен спикерлер қатарында Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің өңірлік төрағасы Айжан Қиясова, Қарағанды қалалық мәслихатының депутаты Равиль Садықов және кәсіпкер, қоғам белсендісі Ерболат Закиров те болды. Кездесуде сөз алған спикерлер қоғам дамуы әр азаматтың жеке жауапкершілігі мен айқын ұстанымына тікелей байланысты екенін атап өтті.

– Бүгінгі таңда – ертеңгі болашағымыздың негізі. Біз, жас буын өкілдері ретінде, реформаларды толық қолдаймыз. Елімізде қолға алынған конституциялық реформаны заман талабы деп білеміз. Өйткені, әлем қарқынды дамып келеді. Уақыт көшінен қалмау – басты міндет. Бұған дейінгі Конституциядағы кейбір нормалардың бүгінгі күн талабына сәйкес келмейтіні де жасырын

емес. Қазір – цифрландыру мен технология дәуірі. Усынылып отырған жаңа түзетулер ел қауіпсіздігі мен азаматтардың құқықтарын ұзақмерзімді қамтамасыз етуге кепіл болады деп сенемін. Сондықтан, 15 наурызда өтетін референдум – мемлекетіміздің дамуына, ең бастысы, азаматтардың қауіпсіздігі мен құқықтарын нығайтуға бағытталған дұрыс әрі қажетті қадам деп есептеймін, – деді Ерболат Закиров.

Сондай-ақ, жаңа Конституция жобасының мазмұны мен маңызын түсіндіру мақсатында Равиль Садықов сөз алып, өз пікірін білдірді. Ол өз сөзінде бұл бастаманы өзі де, Қарағанды қаласының Қоғамдық кеңесі де қолдайтынын жеткізді.

– Конституция жобасын мұқият зерделеу барысында мені екі бап ерекше қызықтырды. Атап айтқанда, 70-баптағы жаңа институт – Қазақстанның Халық Кеңесін құру туралы норма. Қоғамдық кеңестің мүшесі ретінде бұл бастаманы өте маңызды әрі уақыт талабына сай шешім деп бағалаймын. Неліктен?



• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

## Жүректерді жақындатқан жүздесу

Достық үйінде Алғыс айту күніне арналған «Алғысым саған шексіз» атты салтанатты іс-шара өтті. Әрбір ниет білдіруші Достық үйінің алаңына келіп, адамдарға олардың игі істері, көрсеткен көмегі, адал еңбегі және ортақ іске қосқан үлесі үшін алғыс сөздерін жеткізеді. Қарағандылықтар бұл бастамаға белсенді түрде қолдау білдірді. Іс-шара қоғамдағы бірлік пен өзара құрмет құндылықтарын насихаттауға бағытталды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мереке аясында Достық үйінің атрауында сәндік-қолданбалы өнер көрмесі ұйымдастырылып, келушілерге колөнер шеберлерінің туындылары таныстырылды.

Салтанатты іс-шара барысында қатысушыларды ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов құттықтап, Алғыс айту күнінің маңызына тоқталды.

– Бүгін – көктемнің алғашқы күні. Бұл – бір-бірімізге ілтипат пен ризашылығымызды білдіретін ерекше күн. Осындай сәтте еліміздің басты құндылығы – бірлік пен ынтымақтастық екенін тағы да сезінеміз. Біздің халқымыз қай кезеңде де таулық пен өзара түсіністікті сақтап, соның арқасында бір халық, бір ел болып мемлекет құрып, оны нығайтып келеді. Ең қиын кезеңдердің өзінде халқымыз бірлік пен ынтымақтың үлгісін көрсетіп, елдігін сақтай білді. Конституциямыздың преамбуласында да халқымыздың мыңжылдық тарихы мен ортақ тағдыры атап көрсетілген. Сондықтан, бұл құндылықтарды алдағы уақытта да бағалап, жалғастыруымыз қажет деп ойлаймын. Қазіргі таңда елімізде маңызды саяси реформалар жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашылық етіп отырған өзгерістер еліміздің дамуына және жас ұрпақтың жарқын болашағына бағытталған. Осы реформаларды қолдап, референдумды насихаттап, түсіндіру жұмыстарына белсенді қатысып жүрген баршаңызға алғысымды білдіремін, – деді ол.



Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылымдық бөлімшелері төрағаларына Алғыс хаттар табысталып, Ассамблея өкілдері сөз сөйледі.

– Біз үшін, өзге ұлттар үшін бұл – үлкен мереке. Мен түрік халқының атынан, біздерді қолдағандарыңыз үшін қазақ еліне, қазақ жеріне алғысым шексіз. 15 наурыз күні еліміз үшін маңызды тарихи оқиға өтеді. Осы күні еліміздің басты құжаты Конституцияға енгізілген өзгерістер бойынша жалпыұлттық референдум өткізіледі. Құрметті отандастар, 15 наурызда еліміздің болашағына қатысты маңызды шешім қабылданады. Сондықтан, баршаңызды бірлік танытып, референдумға белсенді қатысуға шақырамын. Бұл шешім – мемлекетіміздің жарқын болашағы үшін жасалатын маңыз-

ды қадам. Еліміздің дамуы мен келешек ұрпақтың игілігі жолында бірге әрекет етейік. Сүйікті Отаным – Қазақстаныма сәттілік тілеймін! Жасай бер, Қазақстаным! Гүлдене бер, Қазақстаным! Көркейе бер, қазақ тілім! – деді Зарина Сафарова түрік этномәдени бірлестігінің мүшесі.

Бағдарлама барысында жастарға, әскери қызметшілерге, медицина қызметкерлеріне, төтенше жағдайлар және полиция қызметкерлеріне, педагогтерге, спортшыларға және сәндік-қолданбалы өнер шеберлеріне арналған тақырыптық бөлімдер ұсынылды. Онда әр мамандық иелерінің қоғамдағы орны мен еңбегі ерекше атап өтілді. Ақция қатысушыларына ерекше әсер қалдырған сәттердің бірі – әскери қызметшілердің өз аналарымен сахна үстіндегі кездесуі болды.

– Ең алдымен баршаңызды Алғыс айту күнімен құттықтаймын. Ата-бабаларымызға алғысымыз шексіз. Олар бізге осындай көркем елде өмір сүруге мүмкіндік берді. Бүгінде біз еркін елдің азаматтары ретінде өз таңдауымызды жасауға құқылымыз. Сондықтан баршаңызды референдумға қатысып, өз дауыстарыңызды беруге шақырамын. Белсенділік таныту – әр азаматтың міндеті. Себебі еліміздің, балаларымыз бен келер ұрпақтың болашағы біздің бүгінгі шешімімізге байланысты, – деді Семен Раков. «Қазачья воляница» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

Іс-шараның концерттік бөлімінде облыстың шығармашылық ұжымдары өнер көрсетіп, халықтық ансамбльдер мен хореографиялық ұжымдардың әсерлі қойылымдары көпшілік назарына ұсынылды.

## «Қазақмыстың» қамқорлығы

Облыс аумағында өндіріс пен қоғам арасындағы сабақтастық жаңа мазмұнға ие болуда. Ірі кәсіпорынның әлеуметтік жауапкершілікті басты назарға алып, аймақтың дамуына қомақты қаржы бөлуі – жергілікті тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты кадам. Алдағы екі жылда өңірде ауқымды әлеуметтік жобалар жүзеге асырылып, талай бастама өміршең болмақ. Атап айтсақ, «Қазақмыс» корпорациясы Қарағанды облысын дамытуға 6 миллиардтан астам теңге бағыттайды.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

тыруға бағытталған.

– Қарағанды облысы – біз үшін стратегиялық маңызды өңір. Мұнда компанияның негізгі өндірістік активтері – Қарағайлы, Нұрқазған, Балқаш, КЛМЗ шоғырланған. Сондықтан да, өңірдегі жұмысты бастап, біз бірден жүйелі әлеуметтік және инфрақұрылымдық қолдауға баса назар аудардық. Бүгін қол қойылған меморандум – бұл формальдылық емес, аумақты дамытудың практикалық құралы. Бағдарламаларды іске асыру бізге өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына нақты үлес қосып, елеулі, ұзақ мерзімді нәтижеге жетуге мүмкіндік беретініне сенімдімін, – деді Руслан Өскенәлі.

Сонымен бірге, кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы, «Сарыарқа» ӘКК және «Қазақмыс» корпорациясы арасында өнеркәсіптік ынтымақтастық жөніндегі ұшжақты меморандум жасалды. Бұл құжат шағын және орта бизнесті дамытуға, жергілікті өндірушілерді қолдауға бағытталған. Келісім аясында жаңа өндірістерге жер телімдерін беру және қазақстандық компаниялармен ұзақ мерзімді офтейк-келісімшарттар жасау мүмкіндігі қарастырылған.

– Бізде компания бар жерлерде іске асыруға болатын тиімді серіктестік мысалдары бар, – деп толықтырды аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев.

Жалпы, қол қойылған келісімдер Қарағанды облысының әлеуметтік инфрақұрылымын нығайтып, жаңа жұмыс орындарының ашылуына серіпін береді. Өндіріс пен қоғам мүддесін ұштастырған бұл бастама аймақтың тұрақты дамуына негіз болып, тұрғындардың игілігіне қызмет ететін нақты нәтижелерге жол ашатынын атап өткен жөн.

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Негізгі басымдық компания өндірістік қызметін жүргізіп отырған Балқаш қаласы мен ауылдық елді мекендерге берілімек. Жоспар аясында жаңа балабақша салынып, су спорты түрлеріне арналған заманауи база жасакталады. Сонымен қатар, медициналық пункттер ашу көзделіп отыр.

Әлеуметтік әріптестік туралы меморандумға облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС басқарма төрағасы Руслан Өскенәлі қол қойды. Екі жылға арналған бұл құжат кеншілер өлкесі мен ірі бизнестің өзара тиімді ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтеруді көздейді.

– Меморандум өндіріс мәселелерін ғана қамтымайды. Өңірге әлеуметтік жа-

уапкершілік, кәсіпорындар жұмыс істейтін елді мекендер тұрғындарын қолдау және әлеуметтік нысандар құрылысы туралы болып отыр. Өз тарапымыздан біз жан-жақты қолдау көрсетеміз. Бүгін қол қойылған меморандум дәйекті түрде іске асырылады, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Жоспарланған жұмыстар төрт бағытқа топтастырылған. Атап айтсақ, денсаулық сақтау, білім беру, спорт және елді мекендерді абаттандыру. Балқашта жаңа балабақша мен су спорты базасының құрылысы – осы міндеттердің айқын көрінісі.

2026 жылы Шешенқара, Баймырза ауылдары мен Ақтау кенінде де бірқатар маңызды нысандар салу көзделген. Нақтыласақ, өрт сөндіру депосы, дәрігерлік амбулатория және ангар үлгісіндегі спорт кешені бой көтереді. Бұл жобалар ауыл тұрғындарының өмір сапасын арт-

## Отандық өнімге қолдау бар

Облыста жергілікті өндірушілерге жаңа серіпін беретін маңызды кадам жасалды. Енді аймақ дүкендерінің сөрелерінде «Қазақстанда жасалған» таңбасы бар тауарлар саны артып, тұтынушылар отандық өнімді көбірек таңдауға мүмкіндік алады. Бұл бастама өңірлік бизнесті қолдауға және ішкі нарықтағы қазақстандық үлесті күшейтуге бағытталған.

Ынтымақтастық туралы меморандум сауда желілері, облыстық кәсіпкерлер палатасы, облыс әкімдігі және Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті арасында жасалды. Құжаттың басты мақсаты – отандық өндірісті қолдау, сауда орындарындағы жергілікті өнім үлесін арттыру және қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету.

Өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов атап өткендей, өндірушілер сауда желілеріне шығу мәселесі бойынша тұрақты түрде жүгінеді. Жаңа меморандум бизнес пен сауда нысандары арасындағы әріптестік-

ті айқын әрі түсінікті талаптар негізінде құруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде жергілікті кәсіпкерлер үшін нарыққа жол ашып, бәсекеге қабілеттілікті арттырмақ.

Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің мәліметінше, қолданыстағы заңнамаға сәйкес сауда нысандарындағы азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлардың кемінде 30 пайызы «Қазақстанда жасалған» таңбасы бар отандық өнім болуы тиіс. Жүргізілген мониторинг нәтижесі жалпы талаптардың орындалатынын көрсеткенімен, жекелеген санаттар бойынша жергілікті өнім үлесін арттыруға мүмкіндік бар екені анықталған.

Меморандум аясында сауда желілері қазақстандық тауарларға кемсітудің шарт-



тармен сауда алаңдарын ұсынуға және олардың көрнекі түрде ілгерілетілуін қамтамасыз етуге міндеттенеді. Кәсіпкерлер палатасы бизнес ұсыныстарын сүйемелдеп, әкімдік өндіріс орындарының дамуына қолдау көрсетеді. Ал, департамент заң талаптарының орындалуын бақылауды жалғастырады.

Осылайша қабылданған келісім облыс аумағында отандық өнімді жүйелі түрде ілгерілетуге, жергілікті кәсіпорындардың әлеуетін арттыруға және тұтынушыларға сапалы қазақстандық тауарды кеңінен ұсынуға бағытталған нақты тетікке айналмақ.

Өз тілшімізден

## Сәулелі терапияның серпіні



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН  
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Енді ем іздеп, алысқа барудың қажеті жоқ. Жоғары технологиялы көмек өз жерімізде көрсетіледі. Қарағанды қаласындағы №3 көпсалалы ауруханада TrueBeam желілік жылдамдатқышы пайдалануға берілді. Аталған маңызды бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен бекітілген 2023-2027 жылдарға арналған онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі кешенді жоспар аясында жүзеге асырылып отыр.



Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қатерлі ісікпен күресте уақыт пен дәлдік шешуші рөл атқарады. Қарағандыда іске қосылған жаңа буындағы сәулелік терапия құрылысы – аймақ медицинасындағы зор серпіліс. Құрылыс іске қосылып, пациенттерді емдеу басталып та кетті. Бұл – онкологиялық қызметті жаңғырту бағытындағы жүйелі жұмыстың нақты нәтижесі.

Дерекке сүйенсек, аталған жабдық «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қаражаты есебінен сатып алынған.

Аймақта жыл сайын қатерлі ісіктің шамамен 4 мың жаңа жағдайы тіркеледі. Бұған дейін жылына 700-ге жуық адам ғана сәулелік терапиядан өтсе, соңғы екі жыл ішінде 1807 пациент ем қабылдаған. Жаңа жылдамдатқыштың іске қосылуымен жыл сайын 1500 адамды қамту жоспарланып отыр.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев онкологиялық қызметті жаңғырту басым бағыт болып қала беретінін айрықша атап өтті.

– Онкологиялық аурулар – ең маңызды медициналық-әлеуметтік проблемалардың бірі. Соңғы екі жылда облыстық онкология орталығы үшін үш заманауи желілік жеделдеткіш сатып алынды, оның екеуі – «Қазақстан халқына» қорының қаражаты есебінен. Бұл көмек көлемін үш есеге ұлғайтуға мүмкіндік берді. TrueBeam іске қосылуы өңірдің радиологиялық қызметін сапалы жаңа деңгейге шығарады, – деді Ермағанбет Қабдулаулы.

Жаңғыртылған орталық Қарағанды облысы мен Ұлытау облысы тұрғындарына ғана емес, еліміздің өзге өңірлерінен

келетін емделушілерге де қызмет көрсете алады. Бұл медициналық мекеменің өңіраралық онкологиялық орталық ретіндегі әлеуетін күшейтеді.

«Қазақстан халқына» ҚК басқарма төрағасы Ләззат Шыңғысбаева бағдарламаның маңызын ерекше екенін айтады.

– Бұған дейін азаматтар шетелге барып ем іздесе, қазір оның қажеті жоқ. Емдеу хаттамасы Еуропадағыдай, кез келген басқа елдегі сияқты. Біздің онкологтар барлық жаңа стандарттарға оқытылған. Озық жабдықтар орнатылды. Міндет – әр адамға жоғары мамандандырылған көмекті осы жерде және қазір қағидаты бойынша қамтамасыз ету, – дейді ол.

Аурухана директоры Гамаль Токсамбаев жаңа технологиялардың мүмкіндігіне тоқталды. Оның айтуынша, заманауи жүйе саутидерге түсетін сәулелік жүктемені азайтып, асқынулардың алдын алуға және ем нәтижесін жақсартуға жол ашды.

TrueBeam жүйесі әлемнің жетекші онкологиялық орталықтарында кеңінен қолданылады. Құрылыс сәулелену өрісін дәл қалыптастыратын көпқабықты коллиматормен, пациенттің жағдайын күн сайын бақылауға мүмкіндік беретін КТ-визуализациямен, терең орналасқан ісіктерді емдеуге арналған энергияны ауыстыру функциясымен, сондай-ақ, кеуде қуысы ісіктерін емдеу кезінде тыныс алуды бақылауға мүмкіндік беретін гейтинг жүйесімен жабдықталған.

Жаңа аппарат ісіктің орналасуына қарамастан жоғары дәлдіктегі сәулелік терапияның заманауи әдістерін қолдануға мүмкіндік береді.

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

### • Өңірлерді дамыту

## Келешегі келісті аймақ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде Қарқаралы ауданы әкімінің міндетін атқарушы Саят Мусиннің қатысуымен брифинг өтті. Баспасөз алаңында ауданның 2025 жылғы әлеуметтік-экономикалық саласының негізгі қорытындылары жарияланды. Брифинг барысында аудан басшылығы көшелі көрсеткіштерге, инвестициялық жобаларға, әлеуметтік сала мен инфрақұрылымдық бастамаларға кеңінен тоқталды.

Мағжан КҮДАЙБЕРГЕН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Аудан экономикасының негізгі бөлігін тау-кен өндірісі қалыптастырады. Өнеркәсіп өнімінің басым үлесін «Қазақмыс Корпорациясы», «Өркен-Кентөбе», «Алтай Полиметаллы», «Қамкор – Сарыарқа» секілді ірі кәсіпорындар беріп отыр. Жаңаотан ауылдық округінде «Gold Corp» ЖШС қатодты мыс өндіру жобасын іске асырылуда. Сонымен қатар, жұмысы тоқтап тұрған «Алайғыр» кен орнын инвесторлар сатып алып, өндірісті қайта жандандыру жоспарланған.

Қазіргі таңда ауданда 3 мыңнан астам шағын және орта бизнес нысаны тіркелген. Бұл салада 4 мыңнан астам адам еңбек етеді.

Ежелден самырсын-қарағайы

мол таулы өлкеңің маңызды бағыттарының бірі – туризм. Саят Кабиденұлының айтуынша, бүгінде ауданда 40 демалыс орны жұмыс істейді және олар бір мезетте 3 мыңға жуық адамды қабылдай алады. «Бұғылы» рекреациялық аймағының даму жобасы әзірленіп, инженерлік инфрақұрылым жұмыстары жандануда. Қарқаралы ұлттық паркінің аумағында туристік-рекреациялық мақсаттағы жер учаскелері анықталып, жаңа жобалар жолға қойылды. Облыс әкімдігінің қолдауымен «Қарқаралы-Қарағанды» бағытына қосымша автобус іске қосылып, күрежолға жөнделу жұмыстары жүргізілген. Соның нәтижесінде ауданда келетін туристер саны артақ.

Ауыл шаруашылығы да аудан экономикасының басты бағыты



болып қала бермек. Жалпы өндірілген өнім көлемі 68,0 млрд теңгені құраған. Өткен жылы 3,9 млрд теңгеге 4 инвестициялық

жоба іске асырылған. Оның ішінде екі бордақылау алаңы, бір ет өңдеу цехы және бір суармалы егістік жобасы бар.

Биыл 2,8 млрд теңгеге тағы үш инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр.

«Ауыл аманаты» жобасы аясында 6 кооператив пен 49 жеке кәсіпкер 527,5 млн теңге көлемінде несие алып, өз шаруашылығын дамытуда. Қалада 500 шаршы метрлік өндірістік кешен іске қосылған.

Мәдениет саласына тоқталатын болсақ, былтыр Бүркітті ауылы клубына күрделі жөндеу жүргізіліп, 13 мәдени нысанның ағымдағы жөндеу жұмыстарына 54,7 млн теңге бөлінген.

Құрылыс қарқыны да бәсеңдемеді. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Қарағайлы мен Көктас ауылдарында дене шынықтыру-сауықтыру кешендері салынып жатыр. Нұркен ауылында да осындай нысанның құрылысы жүргізілуде. Бірнеше ауылда ветеринариялық станция мен зертхана, өрт сөндіру бөлімі ғимараты пайдалануға берілген. Қарағайлы кенті мен Қарқаралы қаласында көріз жүйесінің құрылысы жалғасуда.

Қарқаралының әлеумет сала-

сының да бәсі түспеген. Бүгінде ауданда тұрғын үй кезегінде 710 адам тұр. 80 пәтер салынып, кезекте тұрған азаматтарға беріледі. Қарқаралы қаласында 18 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы жалғасуда.

«Ауыл медицинасын жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 20 медициналық нысанның құрылысы аяқталған. Ауданға 8 жаңа жедел жәрдем көлігі берілген. Білім беру ісі де ілгері. Қасым Аманжолов ауылында 200 орындық жаңа мектеп пайдалануға берілген.

Инженерлік инфрақұрылымда да игілік мол. Аудан халқын орталықтандырылған ауыз сумен қамту көрсеткіші 96 пайызды құрайды.

Автожол саласында республикалық және аудандық маңызды бар жолдарға орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген. Биыл «Қарқаралы-Талды» және «Көктас-Тегішілдік» бағыттарындағы жолдарды жөндеу жоспарланып отыр.

Суреттерді түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Ортақ парыз, ортақ мүдде, ортақ міндет




• БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

## Зардап шеккенге көмек

Өмірдің басым бөлігі спортпен, нақтырақ айтсақ, бокспен біте қайнасып өтті. Ринг маған бір өзгеріс шындықты ұқтырды. Жеңіс ешқашан кездейсоқ келмейді. Әрбір табыста нақты қағидалар, темірдей тәртіп, адалдық пен айқын жауапкершілік тұрады. Бұл – тек спортқа ғана емес, тұтас өмірге ортақ заңдылық. Бокста бәрі анық. Яғни, ереже, төреші бар, жауапкершілік бар. Шаршы алаңда кім мықты екенін тек күш емес, тәртіп пен дайындық айқындайды. Ереже сақталмаса, әділ бәсеке жоғалады. Бір спортшының тәртіп бұзуы тек қарсыласына емес, бүкіл спорттың абыройына көлкенге түсіреді. Себебі, спорт – сенімге құрылған жүйе. Ол сенім әділдікпен ғана нығаяды.

Мемлекет те дәл сондай үлкен ринг іспетті. Тек мұндағы бәсеке – мүдделердің, көзқарастардың, ұстанымдардың бәсекесі. Осы күрделі кеңістіктегі үйлесімділік пен тұрақтылықтың кепілі – ортақ ережелер. Ол ережелердің жиынтығы – жаңа Конституция жобасы.



Конституция – жай ғана құқықтық құжат емес. Ол – елдің өмір сүру қағидаларын айқындайтын басты бағдаршам, қоғам мен билік арасындағы келісім. Әр азаматтың құқығы мен міндетін белгілейтін берік тұғыр. Спорттағыдай, мемлекетте де ереже бәріне ортақ болғанда ғана әділдік үстемдік етеді. Заң үстемдігі сақталған жерде сенім бар. Сенім бар жер-

де даму да бар. Рингтегі тәртіп жеңіске бастаса, мемлекеттегі құқықтық тәртіп елдің ертеңін айқындайды. Бүгінде біз Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасын талқылау үстіндеміз. Бұл – жай ғана құқықтық құжатты жанарту емес. Бұл – елдің ертеңін айқындайтын стратегиялық таңдау, болашағымыздың берік іргетасын қалау. Конституция – біздің ғана емес, балаларымыз бен келер ұрпақ өмір сүретін ортақ ережеміз, ортақ жауапкершілігіміз. Егер ережелер ескірсе, оларды қайта қарау қажет. Егер олар әділдікті толық қамтамасыз етпесе, күшейту қажет. Өйткені, әділ бәсеке тек заманына сай, бәріне бірдей талап қоятын қағидаларға сүйенгенде ғана мүмкін болады.

Жаңа Конституцияның мәні де осы. Ол әділеттілікті нығайтуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды нақты әрі пәрменді тетіктермен қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар, билік пен жауапкершілік арасындағы тепе-теңдікті орнықтырып, халық үнінің шынайы саяси мәнге ие болуына жол ашуды көздейді. Яғни, азаматтық ұстаным формалдылық деңгейінде қалмай, нақты шешімдерге ықпал ететін күшке айналуы тиіс.

Бұл өзгерістердің өзегінде адам тұр. Оның кадр-қасиеті, бостандығы, заңмен қорғалатын құқығы – мемлекеттің басты құндылығы ретінде айқындалады. Бұл қағида қағаз жүзінде емес, нақты құқықтық және институционалдық кепілдіктер арқылы жүзеге асуы қажет. Әсіресе, бұл бастамалардың жастар үшін маңызы айрықша. Себебі, елдің ертеңін қалыптастыратын да, жаңа дәуірдің жауапкершілігін арқалайтын да

– жастар. Конституция қаншалықты әділ әрі өміршең болса, олардың мүмкіндігі де соншалықты кең болмақ. Мен жас спортшылармен де, студент жастармен де жиі жүздесемін. Сондай кездесулерде айқын аңғаратыным, біздің жастарда қуат та бар, асқақ арман да бар, өз ойын ашық айтып, қоғам өміріне белсенді араласуға деген шынайы ұмтылыс та бар. Бұл – ел болашағының ең басты капиталы. Алайда, әлеует өздігінен жүзеге аспайды. Ол үшін әділ орта, айқын қағидалар, тең мүмкіндік қажет. Еңбегін еленетін, үні естілетін, таңдауын құрметтелетін жүйе қажет. Тек сонда ғана жас буынның талпынысы нақты нәтижеге ұласады.

Спортта қарапайым бір шындық бар. Ережені білмеген адам чемпион атанбайды. Қай бағытта, не үшін күресіп жатқанын түсінбеген жан жеңіске жете алмайды. Дәл сол сияқты, қоғамда да әр азамат ел өмірінің басты қағидаларын жете түсінгенде ғана саналы таңдау жасап, ортақ іске жауапкершілікпен қарай алады.

Мен Қазақстан адал қағидаларға сүйенген, заң үстемдігі берік орныққан, әр азаматқа тең мүмкіндік берілген ел болуы тиіс әрі бола алады деп сенемін. Бұл – ортақ мақсат. Ал, сол мақсатқа жету әрқайсымыздың ұстанымымыз бен ісімізден басталады.

Мен жас спортшылармен де, студент жастармен де жиі жүздесемін. Сондай кездесулерде айқын аңғаратыным, біздің жастарда қуат та бар, асқақ арман да бар, өз ойын ашық айтып, қоғам өміріне белсенді араласуға деген шынайы ұмтылыс та бар. Бұл – ел болашағының ең басты капиталы. Алайда, әлеует өздігінен жүзеге аспайды. Ол үшін әділ орта, айқын қағидалар, тең мүмкіндік қажет. Еңбегін еленетін, үні естілетін, таңдауын құрметтелетін жүйе қажет. Тек сонда ғана жас буынның талпынысы нақты нәтижеге ұласады.

Спортта қарапайым бір шындық бар. Ережені білмеген адам чемпион атанбайды. Қай бағытта, не үшін күресіп жатқанын түсінбеген жан жеңіске жете алмайды. Дәл сол сияқты, қоғамда да әр азамат ел өмірінің басты қағидаларын жете түсінгенде ғана саналы таңдау жасап, ортақ іске жауапкершілікпен қарай алады.

Мен Қазақстан адал қағидаларға сүйенген, заң үстемдігі берік орныққан, әр азаматқа тең мүмкіндік берілген ел болуы тиіс әрі бола алады деп сенемін. Бұл – ортақ мақсат. Ал, сол мақсатқа жету әрқайсымыздың ұстанымымыз бен ісімізден басталады.

Мен Қазақстан адал қағидаларға сүйенген, заң үстемдігі берік орныққан, әр азаматқа тең мүмкіндік берілген ел болуы тиіс әрі бола алады деп сенемін. Бұл – ортақ мақсат. Ал, сол мақсатқа жету әрқайсымыздың ұстанымымыз бен ісімізден басталады.

**Сабыржан АҚҚАЛЫҚОВ,**  
Азия чемпионы, жастар арасындағы әлем чемпионы

Қазақстанда зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға кешенді көмек көрсету мақсатында арнайы мамандандырылған кабинеттер ашу жоспарлануда. Бұл бастама көмектестік қызметтерін қамтамасыз етуге бағытталған. Жоба аясында балаларға барлық қажетті қызметтер «бір терезе» қағидаты бойынша ұсынылады.

Арнайы кабинеттерде балаларға қауіпсіз әрі қолайлы жағдай жасалып, психологиялық және медициналық көмек көрсетіледі. Сонымен қатар, сот-медициналық сараптамадан өту, мамандардың қатысуымен сауалнама жүргізу және құқық қорғау органдарымен жұмыс істеу сияқты қызметтер бір жерде ұйымдастырылады. Бұл балалардың әртүрлі мекемелерге барып, әуре болуын азайтып, олардың психологиялық күйзелісін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Мамандардың айтуынша, жаңа жүйе балаларға қатысты зорлық-зомбылық жағдайларын анықтауды және оларға жедел көмек көрсетуді тиімді етеді. Арнайы дайындықтан өткен психологтар, әлеуметтік қызметкерлер және басқа да мамандар балалармен жұмыс істеп, олардың құқықтарының сақталуына бақылау жасайды.

Бастаманың негізгі мақсаты – зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларды қорғаудың тиімді тетігін қалыптастыру. Бұл шара балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың қоғамға бейімделуіне және психологиялық тұрғыдан қалпына келуіне көмектеседі.

Өз тілшімізден

# Жасанды интеллект білім мазмұнын өзгерте ме?



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде жасанды интеллект технологияларын енгізу заман талабына айналып отыр. Әсіресе, цифрлық экономика дамыған кезеңде мектеп оқушылары мен студенттердің жана технологияларды меңгеруі болашақ мамандарды даярлаудың бағыты саналады. Қарағанды облысында білім беру процесіне цифрлық технологияларды пайдалану жүйелі түрде енгізіліп келеді. Бұл бағыттағы жұмыстар инфрақұрылымды жанартуды, білім беру ұйымдарын жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етуді және арнайы білім беру платформаларын енгізуді қамтиды.

**Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Білім басқармасының мәліметінше, өңір мектептерінде жасанды интеллект элементтерін оқыту кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Облыстағы 10 пилоттық мектепте 10-11-сынып оқушыларына арналған «Жасанды интеллект» және «Game development» курстары енгізілген. Курстар республикалық «Астана Hub» жобасы аясында edu.astanahub.com платформасында оқытылады. Жоба оқушылардың бағдарламалау негіздерін меңгеруіне, цифрлық жобалар әзірлеуіне және заманауи технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұғалімдер сабақ барысында Google AI, Gemini, ChatGPT, Canva, Copilot, Photomath сияқты құралдарды пайдалануға ынталандырылуда. Бұл оқыту тиімділігін арттырып, пәнге деген қызығушылықты күшейтеді.

IT бағытындағы білім беру оқушыларға ерте жастан беріледі. Орта білім беру стандартына сәйкес бағдарламалау негіздері 6-9-сыныптарда оқытылады. Осы кезеңде оқушылар алгоритмдік ойлауды, код жазуды және цифрлық құралдарды пайдалануды үйренеді. Бағдарламалау мен роботтехника сабақтары негізгі және вариативті компоненттер арқылы жүзеге асырылады. Яғни негізгі пәндермен қатар элективті курстар, үйірмелер мен STEM-зертханалар жұмыс істейді. Жоғары сыныптарда вариативті бөлім есебінен «Жасанды интеллект» және «Game development» курстары өткізіледі. 2025-2026 оқу

жылынан бастап, мектептердің вариативті бөліміне медиасуаттылық пен AI-сауаттылық модульдерін енгізу жоспарланып отыр. Бұл оқушылардың ақпаратты талдау қабілетін дамытып, цифрлық ортада қауіпсіз жұмыс істеуіне көмектеседі.

Заманауи технологияларды тиімді пайдалану үшін мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Педагогтерді даярлау бірнеше бағытта жүргізілуде. 2024-2025 және 2025-2026 оқу жылдарындағы қысқы және күзгі мектептер аясында информатика пәні мұғалімдері арнайы оқытудан өтті. Әр аудан мен қалада тренерлер дайындалып, педагогтердің жаңа технологияларды меңгеруіне жағдай жасалды. «Цифрлық әлемге қадамдар» жобасы аясында «Computer Vision» проблемалық курсынан соңғы үш жылда 222 педагог өтті. Ал, «Digital Mind» жасанды интеллект дәуіріндегі цифрлық және медиа сауаттылық курсынан 500-ден астам мұғалім білімін жетілдірді. Бұдан бөлек, облыс көлемінде цифрлық құралдарды пайдалану бойынша семинарлар мен шеберлік сағаттары тұрақты түрде өткізіліп келеді, – деді білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Гүлдана Нұрсұлтан.

Облыста оқушыларға арналған қосымша цифрлық білім беру жүйесі де қарқынды дамып келеді. Қазіргі уақытта 139 роботтехника кабинеті, 37 IT кабинеті және 37 STEM-зертхана жұмыс істейді. «Білім беру роботтехникасы», «Болашақ инженерлері», «IT эксперт» сияқты жобалар жүзеге асырылуда. Қосымша білім беру ұйымдарында 1 204 оқушы



бағдарламалау үйірмелеріне қатысады. Мемлекеттік тапсырыс аясында жекеменшік ұйымдарда 7 851 бала роботтехника және блоктық бағдарламалау үйірмелеріне тартылған. Бұл көрсеткіштер цифрлық білім беру жүйесінің дамып келе жатқанын көрсетеді.

Осы бағыттағы білім беру болашақ мамандарды даярлаудың маңызды негіздерінің бірі саналады. Оқушыларға өз кәсіби жолын саналы түрде таңдауға мүмкіндік береді. Мәселен, «Жаңа мамандықтар атласы» байқауы барысында қатысушылар заманауи технологияларды зерттеп, өз жобаларын қорғайды. Олар цифрлық құралдарды пайдалану арқылы болашақ мамандықтардың ерекшеліктерін талдап, жаңа идеялар ұсынады. Мұндай бастамалар оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қабілетін дамытуға ықпал етеді. Бұл жұмыстар PISA-2029 халықаралық зерттеуіне дайындықтың маңызды бөлігі саналады. Жаңа технологияларды оқу процесіне енгізу оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Басқарма мамандары дерегінше, ауыл және қала мектептері арасындағы цифрлық білімге қолжетімділік айырмашылығын азайту бағытында нақты жұмыстар атқарылуда. Пилоттық жобаларға ауылдық тірек мектептері де енгізілген. Нұра ауданындағы Ы.Алтынсарин атындағы мектеп пен Ақтоғай ауданындағы тірек мектептері «Астана Hub» жобасына қатысуда. Жүргізілген сауалнама нәтижелері цифрлық платформаларды пайдалану деңгейі ауылдық жерлерде де жоғары екенін көрсетеді. Мәселен, Шет ауданында 492 мұғалім платформаларды белсенді қолданатыны анықталған. Сонымен қатар, барлық аудандарда арнайы тренерлер дайындалып, педагогтерді қамту қамтамасыз етілген.

Бұл салаға бейім оқушыларды анықтау және қолдау мақсатында түрлі байқаулар мен олимпиадалар ұйымдастырылуда. «Жаңа мамандықтар атласы» байқауында «Жасанды интеллект жүйелерін оқыту және тестілеу» бағыты бойынша қабілетті оқушылар іріктеледі. Олимпиадалар мен конкурстар «Daryn Online» платформасы

арқылы өткізіледі. Жеңімпаздар «Болашаққа жолдама» форумына қатысу мүмкіндігіне ие болады. Бұл шаралар дарынды жастардың қабілетін дамытуға бағытталған.

Қазіргі уақытта облыста бірнеше пилоттық жоба іске асырылуда. Соның бірі – «Астана Hub» жобасы. Оның аясында 10 мектепте жасанды интеллект және Game Development курстары оқытылуда. Сонымен қатар, Testter.kz платформасындағы «ИИ-репетитор» функциясын мұғалімдердің шамамен 35 пайызы пайдаланады. Кейбір аудандарда бұл көрсеткіш 50-60 пайызға дейін жетеді. Алдағы уақытта PISA-2029 зерттеуіне дайындық аясында AI-сауаттылық деңгейін анықтау үшін 15-20 пилоттық мектеп белгіленбек. Алдағы жылдары бұл бағыттағы білім беру жобаларын кеңейту жоспарланып отыр. 2026-2027 оқу жылында «Медиашкола» және «AI-Учитель» жобаларын енгізу көзделген. Оқушыларға арналған «AI Challenge» байқауын ұйымдастыру жоспарланған. 2027-2028 оқу жылында «AI-Schools Network» жобасы іске қосылып, осы бағыт-

тағы мектептер желісі құрылмақ. Егер, Қарағанды қаласындағы пилоттық жобалар оң нәтиже көрсетсе, олар облыстың барлық мектептеріне енгізіледі, – деді білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Гүлдана Нұрсұлтан.

Облыста оқушылардың цифрлық жобалар әзірлеуіне ерекше көңіл бөлінуде. «Астана Hub» жобасы аясында оқушылар ойын құрастыру курстарынан өтіп, алғашқы қосымшаларын жасауда. Балқаш қаласындағы С.Сейфуллин атындағы мектеп-лицей мен Шахтинск қаласының оқушылары осы бағытта белсенді жұмыс жүргізуде. «Жаңа мамандықтар атласы» байқауының жеңімпаздары Сапарғалы Айбар, Маргарита Мавлеева және Давид Бобков технологиялық жобаларын қорғады. Шағын жобалар әзірлеу барысында оқушылар ChatGPT және Teachable Machine сияқты құралдарды пайдаланады.

Бүгінде облыста бірнеше жоба тұрақты түрде қолданылып келеді. «Білім беру роботтехникасы» жобасы 2015 жылдан бері жүзеге асырылуда. «Астана Hub» пилоттық жобасы, педагогтерге арналған «AI мектебі» бағдарламасы, eduson.kz және Bilimal-Test платформалары мектептерде кеңінен пайдаланылады. «Жаңа мамандықтар атласы» байқауы кәсіби бағдар беру мен цифрлық дағдыларды дамыту бағытында тұрақты өткізіліп келеді.

Жалпы алғанда, жаңа технологияларды меңгерген жас ұрпақты қалыптастыру өңірдің ұзақмерзімді дамуына оң әсер етеді. Бұл оқушылардың цифрлық экономика жағдайында бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік береді. Инженерлік және IT салаларындағы кадрлық әлеует нығайып, өңірдің инновациялық дамуына жол ашылады. Білім беру жүйесіне жаңа технологияларды енгізу – болашаққа жасалған маңызды инвестиция. Заманауи білім алған ұрпақ өңірдің экономикалық және әлеуметтік дамуына серпін беретіні сөзсіз.

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

## Қарт жиһанкез «кәрі құрлыққа» аттанды

Арқадан шыққан жиһанкез, Мәдениет және туризм саласының үздігі Сәрсенбай Қотыршев тағы бір ұзақ сапарына аттанып барады. Салмақты сапарының алдында Қарағандыға аялдап, М.Әуезов атындағы қалалық кітапханада жанкүйерлерімен сұхбаттасты.



ERİK HAPYH,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Сәрсенбай Қотыршев – биыл 75 жаста. 2022 жылы еліміздің 17 облысын жаяу жүріп өткен. 72 жа-

сында 8 мың шақырымды еңсерген. Осыдан кейін марафоншыны қазақстандық КИНЭС рекордтар кітабына енгізе отырып, рекордтық жаңарғанын растайтын сертификат және ақпараттық-энциклопеди-

ялық анықтамасы салтанатты түрде табысталды. 2023 жылы Атырау қаласынан шығып, Ресейдің Кавказ өлкелерінен өтіп, Грузия мемлекеті арқылы Туркияның Стамбул қаласына жеткен. Ал, 2024 жылы

Өскемен қаласынан шығып Алтай өлкесі, Моңғолия арқылы Қытайдың астанасы Бейжіңге табан тіреген. Енді ақсақал Гиннестің рекордтар кітабына енуен үмітті. Әлемде 70-тен асқан марафоншы жоқ. Мұндай рекордты әлі ешкім орнатпаған.

Биыл Еуропаға аттанып барады. Бүгін, яғни 3 наурызда жаңа марафоны басталды. Ол Сербия, Венгрия, Аустрия, Германияны өрлей өтіп, Франция еліне жетпекші. Жеке жоспарында 2027 жылы Америка континентін аралау да бар.

– Сапарымның мақсаты – айқын. Әлемді жаяу аралап жүріп көшпелілер өркениетінің дүние-ежүзілік өркеніне қосқан үлесін насихаттағым келеді. Марафон арқылы үлкен ерліктерді жасауға көл-көсір байлықтың да, жастық шақтың да керек емес екенін көрсетсем деймін. Адамға бар болғаны батылдық керек. Бөтен елге бара жатырмын. Жолда қандай қиындық, қатер кездесетінін білмеймін. Марафон сонысымен де қызықты. Қиындықтарға төзу арқылы күш-қуатымды, қажыр-қайратымды сынап, өзіме өзімді мойындату – басты мақсатым деп айта аламын, – деді Сәрсенбай Қотыршев. Ис-шара барысында жиһанкездің құрметіне қазақтың классикалық әндері шырқалды. Кітапханаға жиылған жұрт құрмет көрсетіп, сәт сапар тіледі.

Сурет автордан

• ГІР КӨТЕРУ

## Рекорд жаңартты

Қостанайдағы гир көтеруден ел чемпионатына 200-ден астам спортшы қатысып, өзара кіл мықтыны анықтады. Аталған чемпионатқа қарағандылық құтқарушы Александр Комаров та қатысып, ел чемпионы атанды. Әрі ел тарихында болмаған рекордты да жаңартты.

Жерлесіміз 85 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен болатын. Ол «Ұзын цикл» жаттығуында 78 рет гир көтеріп, қарсылас шақ келтірмеді. Әрі жерлесіміздің бұл көрсеткіші жарыстың ең жоғары нәтижесі ретінде тіркеліп, рекордтар кітабына енді. Сонымен қатар, Александр облыс құрама командасының атынан командалық



эстафетаға да қатысып, жоғары нәтиже көрсетті. Жерлесіміз бұл кезеңде үш минут ішінде әрқайсысы 32 келі болатын екі гир тасын 43 рет көтеріп, бұдан да үздік атанды.

Александр Комаровтың есімі бұл спортта кеңінен таныс. Өзі – халықаралық деңгейдегі спорт шебері. Әрі студенттер арасындағы Әлем чемпионы. Әлемдік жарыстардың бірнеше дүркін жүлдегері. Еуропа чемпионатын да бағындырған. 2024 жылы Грекияда өткен әлем біріншілігінде алтын медаль жеңіп алған.

ДАРИНА САМЕН,  
Е.Бөкетов атындағы  
ҚарҰЗУ  
IV курс студенті

Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• БӨРЕКЕЛДІ!

## Жас хоккейшілер жеңісі

Канадада өткен әлемдік Quebec International Pee-Wee Hockey Tournament турниріне ел атынан «Astana Team» хоккей командасы қатысқан еді. Сол турнирде ұлттық команда әлемнің кіл мықтыларымен кездесіп, чемпион атанды. Ұлттық құрама сапында қарағандылық «Юность» хоккей мектебінің тәрбиеленушілері де бар. Жанкүйерлер чемпиондарды «Қарағанды-Арена» мұз айдынында құшақ жая қарсы алып, құрмет-қошмет көрсетті.

Бұл сайыс – жыл сайын ұйымдастырылатын айтулы турнирдің бірі. Оған 13 жасқа дейінгі хоккейшілер қатысады. Айта кетейік, турнир ВВ, АА, АА Elites және ең жоғары ААА дивизиондары бойынша өтеді. Қазақстандық команда АА дивизионында чемпион атанып, ААА дивизионына жолдама алды.

Жарыс барысында «Astana Team» клубы Канада, Швейцария, Корея, АҚШ және Польша мемлекетінің клубтарымен күш сынасқан болатын.

«Astana Team» хоккей командасының құрамы Өскеменнің «Тор-

педо», «Астана» хоккей клубы, Алматының «Тайгер» және Қарағандының «Юность» клубының тәрбиеленушілерінен жасақталған. Ал, «Юность» клубының сапынан Артем Невердов, Роман Матушкин және Михаил Бельков сынды үздіктер жеңіс үшін үлес қосты. Сонымен қатар, команданың жаттықтырушылар штабының қатарында «Юность» хоккей мектебінің жаттықтырушысы Владислав Подкорытов та бар.

– Өткен жылы ақтық бәсекеде қарсыластарымыздан жеңіліп қалғанбыз. Биыл сол қателіктерді жібермей, жеңіске жету үшін ба-



рымызды салдық. Ақтық кезеңде былтыр канадалықтардан кеткен

есемізді алдық. Бұның бәрі – еңбек пен табандылықтың жеңісі. Балалар

• ЖАҢА КІТАП

## Жыр жолдарындағы адам жаны

Н.Гоголь атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханасында ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Салтанат Смағұлтегінің «Өлеңге қарап тұр күнім...» атты оқырманмен кездесуі кеші өтті. Ақынның мерейлі сәтінде мемлекеттік тапсырыс аясында жарық көрген «Күз күмбірі» кітабы таныстырылды.



ERİK HAPYH,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Жүрегімнің назарын адамның көңіл күйіне бұрамын. Өйткені, әр адам – жеке бір ғалам. Сол ғаламның тылсымына үйіліп, оның ғажабын да, азабын да сөзбен суреттегім келеді. Адамның сөзіне, көзіне қарап, жан толқынысын сезінемін. Сезінген сәтте ғана шынайы өлеңнің оты тұтанады жүрегімде. Сол себепті де, әр өлеңім бір әлем деп қараймын, – деді Салтанат Смағұлтегі.

Ақын Серғазы Қабылдаулы мен облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы Еркін Мұсабеков, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Руслан Нұрбай бастаған бір топ мейман ортаға шығып, Салтанат Смағұлтегінің

шығармашылығы турасында пікірлерін айтып, лебіздерін жеткізді.

– Салтанаттың шығармашылығын жоғары бағалаймын! Мамандығы – психолог. Қаламгер атаулы адамның жанына үйлігісі келіп жүреді. Адамның жанына зерттеуге ақындық қасиет көмектеседі. Ал, Салтанатқа қасиет те, кәсіби білім де бар. Оның өлеңдері сонысымен де сөз еткізеді деп ойлаймын. Отбасына амандық, деніне саулық, шығармашылығына қуат хәм шуақ тілеймін, – деді Руслан Нұрбай.

Кеш соңында Салтанат Смағұлтегі университет қабырғасында оқып жүрген жас ақындарды ортаға шығарып, өлең оқытты. Осылайша жас шайырларға оқырмандарының алдында жарқ етуге септігін тигізді.

Сурет автордан

• ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНДЕ

## Хош иіс хәм жады

«ZERDE» әдеби клубының ұйымдастыруымен неміс жазушысы Патрик Зюскиндтің әйгілі «Парфюмер. Бір жеңдетің хикаясы» романына талдау жасалды. Кездесу мазмұнды ойларға толы рухани алаңға айналды.

ЖӘЛЕЛ ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Әдеби басқосу барысында қатысушылар романның негізгі өзегі – иіс сезу құбылысының адам жадысы мен эмоциясына ықпалы туралы кеңінен пікір алмасты. Әркім балалық шақтағы таныс нәрселерді еске алып, оларды шығарманың басты кейіпкері Жан-Батист Гренуй өмір сүрген ортамен салыстырды. Талқылау барысында романның ересектерге арналған алаңдатырлық ертегі іспетті әсер қалдыратыны, бір мезетте әрі тартымды, әрі үрейлі екені айтылды.

Кештің ең қызу бөлігі басты кейіпкердің тұлғасына арналды. Қатысушылардың бір тобы Гренуйді махаббат пен мейірімнен кенде қалған қоғам құрбаны деп қабылдаса, екінші топ оны ерекше дарынның қаты-ездікпен ұштастырған суыққанды өзіміз ретінде бағалады. «Данышпандық зұлымдықты ақтай ала ма?» деген сауал кештің негізгі тақырыбына айналып, көпшілікті терен ойға батырды.

Сонымен қатар, жазушының өнердің адамға әсер ету құдіретін бейнелеу шеберлігі ерекше аталды. Романда иіс тек сезім ғана емес, адам еркін бағындыратын, көпшілікті билейтін күш ретінде көрсетіледі.

ұйымшылдық танытып, бар күшін салды. Еңбек – солардікі. Сонымен қатар, ата-аналар мен мектеп ұжымына алғысымды білдіремін, – деді Владислав Подкорытов.

Ал, шайбалы хоккей бойынша олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінің басшысы Владимир Хроносков болса, бұл жетістіктің өңір үшін маңызды екенін атап өтті.

– Бұл жетістік – Қазақстанның әлемдік деңгейдегі маңызды табыстарының бірі. Бұндай көрсеткіштер хоккейдің дамуына серпін беріп, балалардың құлшынысын арттырады. Қазіргі таңда мектепте 560 бала жаттығады. 12 жас санаты бойынша бірнеше команда Қазақстан біріншілігіне қатысып келеді. Өткен жылы дәл осы турнирде команда II орын алған болатын. Биыл олар чемпион атанды, – деді ол.

Шабуылшы Артем Невердов ақтық кезеңдегі ойынның тартысты

өткенін айтады.

– Финалдағы ойын ең қиын кездесудің бірі болды. Былтыр сол қарсыластарымыздан жеңіліп едік. Биыл барымызды салып, сонына дейін ойындадық. Үзіліс кезінде өзімізді жігерлендіріп, буллит сериясында жеңіске жеттік. Турнир барысында алты кездесу болды. Одан бөлек, екі командамен екі жолдастық кездесу өткіздік. Бәрінде де жеңіске жеттік. Бұл – біз үшін үлкен жетістік, – деді спортшы. Жас спортшылардың бүгінгі жеңісі Қарағанды хоккейінің деңгейін көрсетеді десек, артық айтқанымыз емес.

ГҮЛІМ ҚҰДАЙБЕРГЕН,  
Е.Бөкетов атындағы  
ҚарҰЗУ  
IV курс студенті

Сурет дене шынықтыру және спорт басқармасынан

ORTALYQ  
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор

Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары

Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары

Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор

Е.К. МҰСАБЕК

Бас редактордың орынбасары

Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы

А.Ә. СОВЕТ

Жауапты хатшы

С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53

Бас редактордың орынбасары: 43-58-08

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33

Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,

Приозерск: 8-702-293-13-70

Қарқаралы, Нұра,

Осакаров: 8-702-216-73-50

Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,

Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ00030163 күлелі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілімесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонна хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 035

№24 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор ЕРІК НАРЫН